



**Мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2017 жылға арналған тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 201 қаулысы.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 216-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2017 жылға арналған тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының	
Премьер-Министрі	Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі № 201 қаулысымен бекітілген
---------------------------------------------------------------------------------------------------

**Мемлекеттік кепілдікпен берілетін мемлекеттік емес қарыздардың қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын инвестициялық жобалардың 2017 жылға арналған тізбесі**

Ескерту. Тізбеге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.04.2017 № 226; 10.05.2017 № 252 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс); 08.06.2017 № 352 қаулыларымен.

Р / с №	Жобаның атауы	Жобаның жалпы құны (мың теңге)	Іске асыру кезеңі (жылдар)	Мемлекеттік кепілдіктің мөлшері	Қарыз алушы	Әлеуетті қарыз беруші
1	"Талдықорған – Қалбатау – Өскемен" 287-1073 км республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау	287562800	2017 – 2020	244428380 мың теңге, 796 млн. АҚШ долларына дейін балама	"ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы " акционерлік қоғамы	Қытайдың экспорт - импорт банкі

2	"Мерке - Бурылбайтал" 7-273 км республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау	100446100	2017 - 2020	85379185 мың теңге, 253,3 млн. АҚШ долларына дейін балама	"ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы " акционерлік қоғамы	Қытайдың экспорт - импорт банкі
3	Азия даму банкінің қаражаты есебінен екінші деңгейдегі банктер мен микроқаржы ұйымдары арқылы микро, шағын және орта бизнесті қаржыландыру	72000000	2017 - 2020	72 млрд. теңге	"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы	Азия Даму Банкі
4	Ирригация мен дренажды қалпына келтіру	53243090	2017 - 2019	48343720 мың теңге, 143 млн. АҚШ долларына дейін балама	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің " Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Ислам Даму Банкі
5	"Қалбатау - Майқапшағай" 906-1321 км республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау	159069200	2017 - 2041	135208800 мың теңге, 434,5 млн. АҚШ долларына дейін балама	"ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы " акционерлік қоғамы	Қытайдың экспорт-импорт банкі
6	Ақтөбе, Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарының су шаруашылығы және гидромелиоративтік жүйелерін реконструкциялау	60871593	2017 -2036	53868667 мың теңге, 180,0 млн. АҚШ долларына дейін балама	Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитетінің " Қазсушар" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі
7		68265220		57614275 мың теңге, 183,95 млн . АҚШ долларына	"ҚазАвтоЖол" ұлттық компаниясы	

Астана қаласының Оңтүстік-Батыс айналма жолын салу	2017 – 2037	дейін балама	" акционерлік қоғамы	Қытайдың экспорт-импорт банкі
----------------------------------------------------------	-------------------	-----------------	-------------------------	-------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" ШЖҚ РМК